



otpannews.kz

1973 ЖЫЛДЫҢ 13 СӘУІРІНЕН ШЫҒА БАСТАДЫ

МАҢҒЫСТАУ



Kaspi Bank
арқылы жазылу

№75 (10475) 25 ҚЫРКҮЙЕК, БЕЙСЕНБІ, 2025 ЖЫЛ

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

КАСПИЙДІ САҚТАУ – ӘЛЕМДІК ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ОРТАҚ ІСІ



■ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-СЕССИЯСЫНДА ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ КАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ МЕН СУ КАУІПСІЗДІГІНЕ ҚАТЫСТЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРДІ КӨТЕРДІ. АДАМЗАТ ҮШІН ӨЗЕКТІ САНАЛАТЫН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРГЕ ТОҚТАЛҒАН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ СУ ТАПШЫЛЫҒЫ, ТАБИҒАТТЫҢ ТОЗУЫ СЫНДЫ ЖАҒАНДЫҚ СЫН-ҚАТЕРЛЕРГЕ НАЗАР АУДАРЫП, БҰЛ БАҒЫТТА НАҚТЫ ҰСЫНЫСТАРЫН ОРТАҒА САЛДЫ.

Президент өткен жылдың ерекшелігіне тоқталды. Оның айтуынша, былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл құбылыстың салдары Орталық Азияда айқын байқалып отыр. Өңірде ауа температурасы әлемдік орташа деңгейден екі есе жоғарылап, таудағы мұздықтардың жедел еруіне себеп болды. «Алатау мұздықтарының тез еруі – миллиондаған адамның су және азық-түлік қауіпсіздігіне төнген қатердің нақты көрінісі», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан басшысы Арал теңізінің тағдырына тоқталып, елдің осы

бағыттағы тәжірибесін мысалға келтірді. Жоспарлы іс-әрекет пен халықаралық ынтымақтастықтың арқасында теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалу мүмкін болғанын еске салды. «Арал қасіретінен сабақ алған Қазақстан бұл бағыттағы белсенді жұмысын жалғастыра береді. Бірақ бүгінгі таңда бізді алаңдататын жаңа қауіп – Каспий теңізінің тартылуы», – деді Президент. Мемлекет басшысының айтуынша, Каспийдің су қорының азаюы – тек бір елдің немесе бір өңірдің ғана мәселесі емес. Бұл – бүкіл әлемдік қауымдастықты алаңдатуы тиіс жаһандық проблема. Сол себепті Президент халықаралық әріптестерді

бірігіп әрекет етуге шақырды.

Сондай-ақ Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның экологиялық бастамалары туралы да кеңінен айтты. Былтыр еліміз Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесе отырып, One Water саммитін өткізгенін еске салды. Оның басты мақсаты – су тапшылығын болдырмаудың жолдарын қарастыру. «Болашақта су ресурстарын басқаруда анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция тарту және орнықты шешімдер қажет», – деп атап өтті.

Осыған орай Қазақстан алдағы жылы сәуір айында Астанада өңірлік экологиялық саммит өткізуді жоспарлап отыр. Бұл бастама – аймақтағы елдер мен халықаралық ұйымдардың басын қосып, ортақ шешімдер табуға мүмкіндік беретін маңызды алаң болмақ.

Президент өз сөзінде экологиялық мәдениетті қалыптастыруға да ерекше назар аударды. «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясының аясында миллиондаған ерікті табиғатты қорғау ісіне жұмылдырылып отыр. Сонымен бірге еліміздің бастамасымен БҰҰ 2026 жылды «Орнықты даму мақсаттары жолындағы халықаралық еріктілер жылы» деп жариялағанын атап өтті.

Жиын барысында Қасым-Жомарт Тоқаев тағы бір маңызды ұсыныс жасады. Ол 22 сәуірді «Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні» деп жариялау. Бұл қадам ғаламшарды қорғау ісінде жаңа деңгейдегі ынтымақтастыққа жол ашатыны анық. Осылайша ел Президентінің Нью-Йоркте көтерген мәселелері – еліміздің экологияны қорғаудағы белсенді ұстанымын көрсетіп қана қоймай, әлемдік қауымдастықты ортақ іске жұмылдыруға бағытталған маңызды үндеу болды.

Өз тілшіміз.

«ДАР АҒАШЫ» – ЕРКІНДІК ПЕН САТҚЫНДЫҚ ТАРТЫСЫ

АҚТАУДА ӨТІП ЖАТҚАН ІІІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТҮРКСОЙ ТЕАТР ФЕСТИВАЛІНІҢ ҮШІНШІ КҮНІНДЕ ӘЗІРБАЙЖАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШЕКИ МЕМЛЕКЕТТІК ДРАМА ТЕАТРЫ САХНАҒА «ДАР АҒАШЫ» ТРАГЕДИЯСЫН АЛЫП ШЫҚТЫ.



Көрермен қатарында ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының бас хатшысы Сұлтан Раев, Қазақстанның халық әртісі Асанәлі Әшімов, сондай-ақ жеті елден келген театр әртістері мен сарапшылар болды. Қойылым аяқталған соң мамандар шығарманың көркемдік ерекшеліктері мен тарихи мәніне тоқталып, талқылау жүргізді.

» 5

• ҚЫСҚА-НҮСҚА

АЛҒАШҚЫ АЭС-КЕ ҮЗДІК АТАУ ТАҢДАЛМАҚ

ҚР Атом энергиясы жөніндегі агенттігінде елдегі алғашқы атом электр станциясына үздік атау беру жөніндегі жалпыұлттық конкурс 25 қыркүйекте басталады. 10 қазанға дейін – eGov Mobile қосымшасы арқылы ұсыныстар қабылданбақ. Сондай-ақ 11–20 қазан аралығында келіп түскен ұсыныстар талданып, қазан айының соңына дейін АЭС-тің үздік атауы анықталады деп күтілуде. Агенттік өкілдерінің айтуынша, конкурс ашық әрі айқын өтеді. Әрбір азамат АЭС-ке өз атауын ұсына алады.

ӘРБІР ЗЕЙНЕТКЕРГЕ – 15 МЫҢ ТЕҢГЕ

Ақтауда 1 қазан – Қарттар күніне орай 70 жастан асқан зейнеткерлерге біржолғы әлеуметтік төлем беріледі. Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің айтуынша, төлем мөлшері – 15 000 теңге. Бұл соманы қала бойынша 11 200 адам алады.

• БҮГІНГІ САНДА

САРСАҢҒА САЛҒАН СИЫР ЕТІ



» 3

ЕСТІМЕЙТІНДЕРДІҢ ДЕ ЕҢБЕКТЕ ӨЗ ЕНІШІСІ БАР



» 7

ӨҢІР ӨРКЕНДЕУІНІҢ ЖАҢА БАҒДАРЫ

■ МАҢҒЫСТАУДА АЛҒАШ РЕТ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУЫМЕН ЖЕРГІЛІКТІ ДЕПУТАТТАРҒА АРНАЛҒАН «ӨҢІР МӘСЛИХАТТАРЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫ ҮШІН ОРНЫКТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫН ЖЕРГІЛІКТІ ДЕНГЕЙДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ» ТАҚЫРЫБЫНДА СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТТІ.

✓ Айгүл ОРЫНБАЕВА

Орнықты даму мақсаттары (ОДМ) – қоғамның әлеуметтік, экономикалық және экологиялық өркендеуін тең ұстауды көздейтін ғаламдық міндеттер жиынтығы. БҰҰ қабылдаған бұл мақсаттарды ұлттық деңгейде ғана емес, ең алдымен, жергілікті деңгейде іске асыру әрбір аймақтың даму әлеуетін көтеріп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға жол ашады.

Өңірлік мәслихат депутаттарының бұл үдерістегі рөлі ерекше. Атап айтқанда, аймақтың әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламаларын ОДМ-мен сәйкестендіру арқылы стратегиялық бағытты айқындау, білім беру, денсаулық сақтау, инфрақұрылым, жасыл экономика, әлеуметтік әділеттілік бағыттарын қаржыландыру үшін жергілікті бюджет пен ресурстарды бөлу, тұрғындар мен үкіметтік емес ұйымдардың пікірін ескеру, олардың бастамаларын қолдау, өңірлік табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, климаттық өзгерістерге бейімделу шараларын қолдау, ауылдық

жерлердегі және әлеуметтік әлсіз топтар арасындағы тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету – осының барлығы мәслихат депутаттарының тікелей араласып шешетін мәселелеріне жатады. Мәселен, мәслихат депутаттары ауылдық елді мекендерде таза ауыз суға қолжетімділікті арттыруға, қалаларда жасыл аймақтарды көбейтуге, кәсіпкерлікті қолдау арқылы жұмыс орындарын ашуға нақты ықпал ете алады. Бұл қадамдар бір мезгілде бірнеше ОДМ-ны жүзеге асыруға сеп болады.

Семинарға қатысқан Ақтау қалалық мәслихатының депутаты Жанаргүл Жұмашева жоғарыда депутаттарға артылған жауапкершіліктерді осы сабақта кеңінен талқылап, міндеттерді түсініп жатқанын айтады.

– Биылдан бастап бірінші рет мәслихат депутаттарының қатарына қосылдым. Депутаттық мандатта бұрын тәжірибем болмаған соң, бүгінгі семинар-тренингтен бірқатар ақпарат алып, депутаттық лауазымның көптеген жауапкершілігі мен міндеттерін түсініп жатырмын. Орнықты даму мақсаттары менің өзімнің мамандығым бойынша жасап жатқан жұмысымнан бөлек басқа



да салаларға тікелей араласуымды талап етеді. Халықтың мұң-мұқтажын тыңдап, оны жоғары билікке жеткізетін біз. Сондықтан бұл жұмыстарда ауыл, қала тұрғындарының айтатын пікірі, мәселесі ескерусіз қалмау керек, – дейді Ж.Бекболатқызы.

Өңір депутаттарына тренинг барысында бірқатар ақпарат берген БҰҰ бағдарламасының талдаушысы Заур Ибрагимов ОДМ міндеттеріне тоқталды.

– 2015 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-сессиясында «Орнықты даму мақсаттары – 2030 күн тәртібі» қабылданды. Бұл құжатқа Қазақстанды қоса алғанда, БҰҰ-ға мүше барлық 193 мемлекет қол қойды. ОДМ – БҰҰ-ның 2000 жылы қабылдаған «Мыңжылдық даму мақсаттарының» жалғасы. БҰҰ барлық мемлекеттерге ортақ 17 мақсатты айқындап берді. Мысалы: кедейлікті жою, аштықты азайту, таза су мен санитария, климаттық өзгерістерге қарсы іс-қимыл және т.б. Әр мақсаттың аясында өлшенетін 169 міндет бар. Өр ел өз деңгейінде ұлттық жоспар жасап, жүзеге асырады. Қазақстан – ОДМ-ны

орындауға міндеттеме алған елдердің бірі. Үкіметтік деңгейде арнайы үйлестіру тетіктері жұмыс істейді, ал жергілікті деңгейде – мәслихаттар, әкімдіктер және YEY қатысады, – деді ол.

ОДМ-ның тағы бір маңызды бағыты – аймақтар арасында ынтымақтастықты арттыру. Ақтау – түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде халықаралық байланыстарды дамытып келеді. Бұл өз кезегінде өңірдің мәдени дамуына ғана емес, тұрақты қоғам құруға да ықпал етеді.

Орнықты даму мақсаттары – тек жаһандық бастама емес, әрбір өңірдің өркендеу бағытына айналуы тиіс құндылық. Маңғыстау облысының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясы мен табиғи ерекшеліктерін ескере отырып, ОДМ-ны жүзеге асыру өңірдің болашағын жарқын етері сөзсіз. Осы тұста Маңғыстау облысының мәслихат депутаттары ОДМ-ны жергілікті бағдарламаларға енгізу арқылы тұрғындардың өмір сапасын көтеріп қана қоймай, өңірдің жаһандық деңгейдегі орнықты дамуына үлес қоса алады.